

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІV. - Б. 193-194

СПОРТТЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Нысанбаева А., 2 курс магистранты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Көп функциялы спорт нысандары өте күрделі бірегей ғимараттар болып табылады. Оларды пайдалану үшін үлкен энергия шығыны қажет. Мұндай спорттық ғимараттар мен құрылыстар берік және жайлы болуы, экономикалық жағынан тиімді, әрі әсем, сондай-ақ сол аймақтың қалақұрылысын дамыту талаптарына жауап бере алуы керек.

Заманауи спорттық ғимараттар мен кешендердің негізгі принциптері олардың орта талабына сай бейімделе алуы болып табылады. Спорттық ғимараттар мен кешендердің бейімделу принципі сәулет нысаны құрылымының, оның тұтынушылық сипаттамаларының тез өзгеретін ортада және пайдаланушы қажеттіліктеріне сай өзгеру дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сәулет нысандарының түрленуі, қозғалғыштығы, интерактивтілігі адам өмірі мен тұруы үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді. Бейімделу идеялары өзектілігін жоғалтпайтын және әртүрлі функционалды мазмұны бар қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын экспрессивті архитектуралық шешімдерді жасауға көмектеседі [1].

Сәулет нысандарының бейімделу принциптерін енгізу сәулет өнерінде жаңа идеялар тудыратын ғылыми-техникалық әзірлемелерді пайдалану үшін үлкен перспективалар ашады. Күрделі және қымбат құрылымдары бар бірегей құрылымдар болып табылатын стадиондар үнемді жұмыс істеуі үшін олар трансформациялана алуы тиіс.

Неліктен мұндай нысандар үшін бейімделу мәселесі соншалықты маңызды?

Біріншіден, спорт нысандарын жобалау және салу кезінде айтарлықтай қаржылық шығындар мен күрделі жоғары технологиялық шешімдер қажет.

Екіншіден, спорттық ойындары үшін немесе оларды өткізуге жоғары және нақты талаптар қоятын кез келген басқа бір реттік іс-шаралар үшін арнайы салынған спорт нысандары, әдетте, өте қымбат. Бұл құрылысқа біржолғы қомақты инвестициямен ғана емес, сонымен қатар олардың одан әрі тиімді жұмыс істеуімен байланысты мәселелерді шешу қажеттілігімен де анықталады.

Айта кету керек, спорт нысанының бейімделуі арқылы көп функциональды болуы спорттық ғимараттардың заманауи сәулетінің ажырамас бөлігіне айналуда. Спорттық іс-шараларды өткізу технологиясы және нысандарды әмбебаптандыру қажеттілігі трансформациялық элементтері бар стадиондардың пайда болуына әкеледі.

Соңғы уақытта, әсіресе шетелде стадиондар негізінен күрделі және қымбат құрылымдармен салынуда, оның нәтижесі ареналарды әртүрлі спорт түрлеріне айналдыруға болады. Трансформацияны жүзеге асыру нәтижесінде күрделі инновациялық техникалық құралдарды қолданылады және нысанның үнемді жұмысы қамтамасыз етіледі.

Трансформация элементтерін пайдаланатын адаптивті шешімдер 1989 жылдан бастап спорттық ғимараттарды жобалау тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастады. Осы түрдегі алғашқы ғимарат «Sky dome» болды (арх. Р.Робби және М.Аллен) және ол соңғы 30 жылда белсенді түрде дамыды [2].

Спорттық іс-шараларды өткізу технологиясы және нысандарды әмбебаптандыру қажеттілігі трансформациялық элементтері бар стадиондардың пайда болуына әкеледі. Заманауи спорт ғимараттары спорттық, спорттық-сауықтыру және мәдени-ойын-сауық іс-шараларының кезектесуімен сипатталады. Бұл экологиялық, маусымдық және климаттық әсерлерді ескере отырып, осы іс-шараларды өткізуге қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуді талап етеді.

Трансформация шарттары спорттың ең көп түрлері бойынша жарыстарды толыққанды өткізуді қамтамасыз етуге және кездесулер, концерттер мен көрмелер үшін ареналарды пайдалануға арналған. Трансформация қажеттілігі спорт алаңдарын маусымдық етпей жыл бойы пайдалану қажеттілігінен туындап отыр.

Спорт ғимаратындағы трансформация бірнеше түрге бөлінеді:

- спорттық арена трансформациясы;
- көрермендер орындарын түрлендіру;
- шатыр формасын өзгерту;
- бүкіл кешен кеңістігін түрлендіру және осыған сәйкес әртүрлі тапсырмаларды орындау [3].

Спорт өзегін, яғни аренасын өзгерту залды көп функциялы етеді және оған спорттық іс-шараларды мәдени-сауықтық шараларымен ауыстыруға мүмкіндік береді. Трансформацияның бұл түрін пайдалануда түрлі функциональды жұмыстарды атқаруға болады. Сонымен қатар, спорт аренасын түрлендіру адамдардың әрекеттерін анықтайтын функционалдық сценарийлердің көптеген нұсқаларын бағдарламалауға мүмкіндік береді.

Көрермендер орындарын түрлендіру технологиялық тұрғыдан жетілдірілген емес және жиналмалы орындықтарды сақтау үшін қосымша орындарды қажет етеді. Бірақ, осы бағытта жаңа идеяларды ұсынуға мүмкіндіктер көп.

Көптеген архитектор – эксперттердің айтуынша, шатырды трансформациялау қиын, әрі күрделі және оны өзгерту қымбатқа түседі. Сол себепті оны мүмкіндігінше аз қолданады.

Спорт нысандарын салу тәжірибесін саралай келе, бүгінгі таңда спорт нысаны қоғам алдында бірқатар жаңа «міндеттерді» алып отыр деген қорытындыға келеміз. Сәулетшінің міндеті спорт стадиондары мен кешендерін көпфункционалды, көп профильді, түрлендіруге болатын етіп жобалау: олар спорттың әртүрлі түрлерінен спорттық жарыстарды, сондай-ақ

мәдени іс-шараларды өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар, сәулетші ауқымды іс-шаралар күндері ғана емес, күнделікті жұмыс істейтін және келушілерді тарта алатын нысан жобалай білуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Есаулов Г.В. Устойчивая архитектура — от принципов к стратегии развития // Вестник ТГАСУ. 2014. №6. С. 9–23. к

2 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Skydome_\(%D0%A4%D0%BB%D0%B0%D0%B3%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%84%D1%84\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Skydome_(%D0%A4%D0%BB%D0%B0%D0%B3%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%84%D1%84))

3 Ясный Г. В. Спортивные сооружения XXII Олимпиады. М., 1984

Жетекші- т.ғ.д., профессор Сұранқұлов Ш.Ж.